

## Көшелердің атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 4903 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссияның 2016 жылғы 1 қарашадағы қорытындысына сәйкес және тұрғындардың пікірін ескере отырып, Андреевка ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Андреевка ауылдық округі Михайличенково ауылының көшелерінің атауы:

Комсомольская көшесі - Бірлік көшесіне;

60 лет Октября көшесі - Шоқан Уәлиханов көшесіне өзгертілсін.

2. Андреевка ауылдық округі Михайличенково ауылының атаусыз көшесіне Болашақ атауы берілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің 16.10.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің 16.10.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Андреевка ауылдық округі әкімінің 16.10.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

*Округ әкімі*

*Б. Кулаков*